

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі

№2 (басылым 2016 жылдың 24 қазанынан бастап шығады)

«Болмасаң да ұқсап бақ...»

(Абай)

КӨЗАЙЫМ

ЕЛІМІЗДІҢ АЙШЫҚТЫ МЕРЕКЕЛЕРІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Мектеп газеті назарында:

Жағымды жаңалықтар легі...
Жеңімпаздар анықталды.
ОЖСБ-ға дайындық жүргізілуде
1-желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті
күні. Елімен етене ЕЛБАСЫ.
«XXI ғасыр мұғалімі» -
мектеп директоры Надежда
Асылбековамен сұхбат.
Мектепішілік байқау. Сен Еліміздің
Әнұранын білесің бе?

28 қараша – Теңге күні.
Ұлттық валюта - Теңге күні
Тұсаукесер.
Туған күніңмен, КӨЗАЙЫМ!
Мерейтой.
16 желтоқсан - Қазақстан
Тәуелсіздігіне – 25 жыл!
КӨЗАЙЫМ қоржынынан...
Сөзжұмбақ шешейік...
Жадына тоқы, жаттап ал!

БІЛІКТІ ҰСТАЗДАР АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТУДЕ

Жылдағыдай, биыл да оқу жылы қауырт қарбаласпен басталды. Мектебіміз бес жылда бір болатын аттестациялауды сәтті тапсырды. Ендігі аттестациялау кезегі мектеп ұстаздарының еншісінде. Олар сынақ талаптарына сәйкес құжаттарын әзірлеп, келесі кезеңіне дайындық жасауда. Білікті мамандар көпжылдық тәжірибесі мен білім деңгейлерінің әлдеқайда жоғарылағанын дәлелдеуге кірісті. Бастауыш сынып мұғалімдері: Бақыт Сағындықова, Манар Қазанғапова және қазақ тілі пәнінің мұғалімі Гүлжан Жәменкенова жоғары санатқа өту үшін ашық сабақтар өткізді.

Сонымен қатар, Марина Мухтарова (технология пәні) жоғары санатын растап, Райхангүл Намазбаева (1 сынып мұғалімі) және Анатолий Сатыбалдин (Алғашқы әскери дайындық) жоғары санаттан үмітті. Ал, Әлия Мұхаметжанова (қазақ тілі мұғалімі), Мақпал Шампатовна (информатика), Әсел Тұңғатбаевалар (математика) бірінші деңгейін растап, Гүлзада Қосдәулетова (география) II санатқа иек артуда.

**Қорлығайын ТАБУЛОВА,
№ 2 ЖОББМ оқу-тәрбие
жұмысы жөніндегі
директор орынбасары.**

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



Жақында Павлодар қаласы Балалар шығармашылығын қамту орталығының ұйымдастыруымен «Үшқоңыр» қалалық фестивалі өтті.

Оған қаладағы барлық білім беру мекемелерімен бірге №2 жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары да қатысты. Жүлдегер атанған шәкірттеріміз Мақтау қағаздары және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ОЖСБ-ға ДАЙЫНДЫҚ ЖАСАЛУДА

Қазіргі кезде мектебіміздің 9 сынып оқушылары арасында ОЖСБ-ға дайындық жұмыстары қызу қарқын алды. Пән мұғалімдері алдын-ала бекітілген кесте бойынша оқушыларға пайдалы кеңестер беріп, қосымша сабақтар өткізуде.

Қалалық «Достық» білім орталығынан тест кітапшалары алынып, оқушылар математика, қазақ тілі, дүниежүзі тарихы, география пәндері бойынша

алдын ала тесттер тапсырды. Алдағы уақытта әр апта сайын 4 пәннен алдын-ала тестілеу өткізіп отыру жоспарланды. Осыған орай, 9 «ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен жиындар өткізіп, ОЖСБ тәртібі, оқушылардың дайындық деңгейлері жөнінде түсіндіру жұмыстарын қолға алу қарастырылды.

**Ақгүл ОМАРОВА,
директордың оқу-тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары.**

ЕЛІМЕН ЕТЕНЕ ЕЛБАСЫ



1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні. Бұл - барша қазақстандықтардың Елбасы Н.Назарбаевқа елдің жарқын болашағын құруда қабылдаған шешімі, атқарған еселі еңбегі үшін берген бағасы, көрсеткен құрметі. Өткенге ой жүгіртер болсақ, осыдан 25 жыл бұрын қазақ халқының жаңа шежіресі басталған екен. Қазақ елі КСРО елдерінің құрамынан бөлініп шығып, өз қалауымен өмір сүруге бірінші болып қадам жасады. Жас мемлекет шекарасын белгілеп, сырт жаудан қорғайтын қуатты әскери күшін қалыптастырды.

Сонымен, 1991 жылдың 1-желтоқсанында Қазақстан халқы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты ақ киізге көтеріп, өзінің Тұңғыш Президенті етіп сайлады. Ал, 1993 жылы алғаш рет Қазақстанның Ата Заңы қабылданып, тарих тағлымы негізінде жаңа ғасыр ұрпақтары жаңа бағытта, жаңа заман эстафетасымен алға қарай бет алды. Сөйтіп, мемлекетіміздің негізі құрылып, Қазақстанның Елтаңбасы, Туы, Әнұраны дүниеге келді, Тұңғыш ұлттық теңгесі жарыққа шықты. Осылайша, Тәуелсіздігіміз тұғырына қонып, дүние жүзіне егемен ел екенімізді паш еттік. Сенімі мен үкілі үміті алға жетелеген қазақ елінің мақсат-мұраты – қайшылықтар мен қиындықтарға қарамай, өзге елдермен терезесі тең,

керегесі кең, еңселі ел болу еді. Тәуелсіздік таңы қазақ өміріне сәулелі сән кіргізіп, көңілді марқайтқан айырықша қуанышты ала келді. Н.Ә.Назарбаев сол тарихи сәтте білімді саясаткер ретінде барынша дана шешім қабылдап, асқан ұстамдылық танытты. Нұрсұлтан Әбішұлы егемендік алған қазақ мемлекетінің бағытын бағамдауда бірден-бір дұрыс жол таңдады. Алғашқы жылдардағы аласапыран уақыт, жаңа жүйе құру, нарыққа бейімделу қарекеті - бірден іске асыра қоярлықтай, оңайға түскен жоқ.

Дегенмен, ғасырлар тоғысындағы өтпелі кезеңнің өткір ызғарына қарамастан, Арқаның дәп ортасынан бой көтерген Астана қаласы еліміздің айбыны мен айбарын асырды. Оның озық үлгідегі сәулеті мен әсем көркі ұрпақ санасына ұлттық рухты, халықтық салтты сіңіруге жол ашты. Бұл – алдымен, Мемлекет басшысының батыл қадамы, теңдесі жоқ ерлігі болды. Елбасы жаңа ғана қаз-қаз басқан еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартып, дағдарыстан аман алып шығу үшін, кең байтақ Қазақстанның табиғи ресурстарын инвестициялауды алғашқы боп қолға алды. Сол кездері іргетасы жаңа қаланған жас мемлекеттің болашағына сенім артып, достық қолын ұсынған қазақпен түбі бір мемлекет - тек Түркия болды. Кейіннен, Елбасымыздың ұлағатты ұстанымы мен сарабал саясатына көзі жеткен өзге де шет елдер инвесторлары Қазақстанға ағыла бастады.

Бүгінгі таңда Елбасының ақыл-парасаты, алғырлығы, дипломатиялық біліктілігінің арқасында Қазақстан шет ел инвестициясын әлемде ең көп таратқан көшбасшы 20 ел қатарына қосылып отыр. Ел экономикасының өрлеуіне байланысты, халықаралық сарапшылар Қазақстанды ең жедел өсіп отырған әлем экономикасының үштігіне лайық деп тапты. Әлемдік дағдарыстың қиын-қыстау жылдарында Қазақстан Үкіметі әлеуметтік міндеттерден бас тартпай,

Халықтық тұғырнаманың міндеттеріне адалдық танытты. Алға қойылған міндеттерді лайықты орындап, биік белестерді бағындыру мақсатында Елбасы мен зиялы қауым, қоғам қайраткерлері аянбай тер төкті. Сондай-ақ, халықтың мүддесін қорғап, әлеуметтік жағдайын жақсартуда өз үлесін қосуға қабілетті, білімді жаңа ұрпақты тәрбиелеу - басты мақсаттардың біріне айналды.

1997 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев ел дамуының және азаматтар аман-саулығының ұзақ мерзімді бағдары «Қазақстан-2030» Стратегиясын ұсынды. Сонымен қатар, Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетті. Жиырма бес жыл ішіндегі ерен еңбектің нәтижесі - міне, бүгін, көзалдымызда. «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылдығы» - еліміздің гүлденуін, еркіндігі мен бірлігін, саяси және экономикалық тұрақтылығын нығайтудың жарқын үлгісі болды. Жүздеген, мыңдаған жаңа жобалар іске қосылып, елімізде жаңа құрылыстар ерекше қарқын алды. Емхана, мектеп, тұрғын үйлер, орталықтар, балабақшалар салынып, бірінен соң бірі ашылу салтанатын тойлады. Ертеңгі күнге деген халықтың сенімі күшейе түсті.

Сонымен, Қазақстан экономикасы жаһандық рейтингінде әлемдегі алғашқы 50 мемлекеттің экономикасымен иық түйістірді. Бұл - қазақ елінің табандылығы, еңбексүйгіштігі мен іскерлігінің жемісі еді. Елбасының Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы:

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ

Бүгінде әр қазақтың бойына, жүрегіне отансүйгіштік деген ұлы сезімді ұялата білген біздің бәйтерегіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Елбасының даналығында өткенмен сабақтастық тұнып тұр. Президентіміздің кеменгерлігі мен көрегенділігі барлық жас ұрпақ пен келешек ұл-қызға үлгі. Оның білгірлігі Қазақстан Республикасын кең әлемге әйгілі етіп,

«Жалпы Ортақ Еңбекке 20 қадам» атты мақаласы Қазақстан халқының әл-ауқаты мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған тиімді бағдарлама болды. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел жастарын қоғамды алға бастар қозғаушы күш ретінде қолдап, ерекше көңіл бөлуде. Оған таяуда ғана Елбасының өзі қатысып, жастарға патриоттық рух пен жігер берген Республика жастарының форумы мысал.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келер,...» дегендей, қазіргі таңда баршамыз қазақтың киелі топырағын мекендеген 100-ден астам ұлттың ортақ Отанына айналған атамекенімізде береке-бірлікте, тату-тірлікте бейбіт өмір сүріп келеміз. Ал "ЭКСПО-2017" Халықаралық көрмесі маңыздылығы мен экономикалық тиімділігі зор тың көзқарастар жемісі.

Тәуелсіздік - кең байтақ жерімізді білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған ата-бабаларымыздың ұлы арманы еді. Сол ұлы арман Елбасының кеменгер ой иесі, дарынды саясаткерлігінің арқасында жүзеге асты. Сөйтіп, ел тарихын таразылап, өткенге салауат айттық. Ырыс-берекенің тек еңбекпен ғана келетініне көз жеткіздік, жарқын болашаққа зор сеніммен иек арттық. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, тіліміз бен дәстүрімізді дәріптедік.

Елбасының дана да дара тұлғасы, еселі еңбегі, Отанына деген адалдығы Қазақстан жастары үшін тағылымы терең, зор өнеге болмақ. Ылайым, Нұрсұлтан Назарбаевтай кеменгер көшбасшысы бар қазақ елі әрдайым биік асулардан көрініп, мәртебесі аса бермек.

Айгүл МОЛДАШ.

жақсы жақтарынан танытты. Ғасырға белгісіз 20 шақты жылдың ішінде Астана талай іс-шаралардың ордасына айналып, әлемнің назарын өзіне аударды. Әрине, бұның бәрі Елбасымыздың ерен еңбегі. Біз де сол жолда еңбек етіп, биікке самғап, өз еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосамыз деп сенемін.

**Еркежан САТБОЛ,
10 сынып оқушысы.**

XXI ҒАСЫР ҰСТАЗДАРҒА ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЯДЫ?



- Надежда Бәкібайқызы, өзіңіз басқарып отырған мектеп жайында қысқаша тоқталып өтсеңіз?

- Біздің №2 жалпы орта білім беру мектебі - 50 жылдық тарихы бар мектеп. Бұрын аралас мектеп болған, соңғы 4 жылдан бері таза қазақ мектептері қатарындамыз. Қазіргі кезде жалпы орта білім алушылар саны 872. Олар екі ауысыммен оқиды. Оған қоса 60 оқушы мектеп жанындағы «Мерей» шағын орталығында білім алуда. Сонымен қатар 51 мұғалім мамандар жұмыс істейді.

- Биылғы оқу жылынан бастап, мектебімізде 5 күндік оқу жүйесі және «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы іске қосылды. Аталған тың реформалардың тиімді және кемшін тұстары қандай?

- 5 күндік оқыту жүйесін еңгізу – бұл қазіргі заман талабы деп ойлаймын. Себебі, жақсы оқу үшін баланың миы да жақсы тынығуы керек. Бұл жүйе мұғалімдер үшін де өте тиімді. Олар бос уақыттарын жоспарларын пысықтап, шығармашылық жұмыстармен

айналысуға жұмсайтын болады. Ал, мемлекеттік «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы қазақстандық білім беру жүйесіндегі мектеп оқушыларының қазақ, орыс, ағылшын тілдерімен 1 сыныптан-ақ танысып, үйренуге және өзіндік ойлау дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі, яғни қазақ тілінің дәрежесі қашанда өзінің биік, дара қалпында сақталатын болады. Қазір ғылым мен техника қарыштап дамыған заман. Сондықтан, көптеген елдерде ел экономикасының өркендеуіне ағылшын тілінің әлемдік қатынас құралы ретіндегі маңызы зор. Осыған байланысты, қазақстандықтардың жаңа буыны кем дегенде үш тілді жетік меңгерген дарынды, білімді ұрпақ болатынына сенімдімін.

- Сіздіңше, бүгінде XXI ғасырдың мұғалімдеріне қойылатын талаптар қандай болуы шарт?

- Мұғалім жоғары білімді, өзінің жеке көзқарасын дәлелдеп, қорғай білетін зерттеушілік-ойшылдық қасиеті бекем жігерлі тұлға. Сонымен қатар, білімі мен тәжірибесін шебер ұштастыра білетін, оқушысын ізденіске, шығармашылыққа жұмылдыра алатын, этнопеддагогика және этнопсихология негіздерін толық меңгерген білікті психолог та болуы тиіс. Және ол ғаламдық өркениетке белсенді ілесіп, «интернет» жүйесімен шебер «тілдесе алатын», бәсекеге қабілетті, мәдениеті жоғары адам болуы керек.

- Мектебіміздің ең елеулі деген игі жетістіктерін атап өтсеңіз?

- Біздің оқушыларымыздың қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларда сан мәрте жүлдегер атанды. Сондай-ақ, шығармашылық алаңына шығып, Абай, Мұқағали оқуларында және кейінгі үш жыл қатарынан республикалық «Балауса» байқауының бас жүлдесіне иегер болып отырғанымызды мақтан етеміз. Ғылыми жобаларды қорғаудан да шет қалған кездеріміз жоқ.

- *Әңгімеңізге рахмет!*

Мектепшілік байқау

СЕН ЕЛІМІЗДІҢ ӘНҰРАНЫН БІЛЕСІҢ БЕ?



Қарашаның 22-і күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай 4-6 сыныптар арасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын сахнада жатқа орындаудан сайыс өтті.

28 қараша - Теңге күні

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕ КҮНІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлау қарсаңында 28 қараша «Ұлттық валюта – теңге күні» болып белгіленген болатын. Соған байланысты қарашаның 25-і күні

Іс-шараның мақсаты: оқушылардың Мемлекеттік Әнұранды жатқа біліп, әнімен нақышына келтіре орындай білу қабілетін тексеру және олардың патриоттық сезімдерін, танымыз бен мемлекетіміздің рәміздеріне деген құрметін қалыптастыру.

Шара барысында байқау ережесіне сәйкес, оқушылардың сахнаға шығу, сап түзеуі, орындаушылық шеберліктері және киген киімдері бағаланды.

Әділқазылар алқасының шешімімен, 4 «а» сыныбы бас жүлде, 4 «в» сыныбы I орын, 4 «б» сыныбы II орын және 5 «а» сыныбы III орынға ие болды.

Жеңімпаздарға Мадақтама қағаздары табыс етілді.



Гүлжан ЖАМЕНКЕНОВА,
ДТЖЖО.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСТЫ

Жақында Астана қаласында «Балаға мейірімді Қазақстан» атты республикалық форум өтті.

Оған Қазақстанның барлық қалаларынан жасөспірімдер мен дарынды балалар қатысты. Павлодар облысынан барған оқушылар қатарында облыстық Махамбет оқуларының жеңімпазы №2 жалпы орта білім беру мектебінің 10 «а» сынып оқушысы Ахан Жұрағат та болды.

Тұсаукесер

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, «КӨЗАЙЫМ»!

Жақында қалалық №2 орта мектептің мәжіліс залында «Көзайым» мектеп газетінің тұсаукесері өтті. Оған мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен

Отан, туған жер, мектеп, Тәуелсіздік туралы қалам тербеген жас тілшілер сахнада өз өлеңдері мен жазған мақалаларын оқып, «Көзайым» мектеп газеті және өздерінің алдағы жоспарларымен бөлісті. Жиналғандар талантты шәкірттердің талғамды өнеріне қол соғып, қошемет көрсетті. Мерекелік кеште Шамет Алтынай мен Мағамет Жібекжан «Ана тілім - тұғырым», «Туған күніңмен, Көзайым!» әндерін әуелетсе, Топанов Аңсат «Қазақ жастары»

оқушылар қатысты. Мерекелік кештің қадірлі қонағы ретінде аталмыш білім ордасының ардагер-ұстазы Нағима Гайсина шақырылды.

әнімен мерекені қыздыра түсті. Кеш қонағы Нағима Борумбайқызы оқушыларды оқу-білімге, шығармашылық ізденіске, адал еңбекке үндеп, басталған игі шараға сәттілік тіледі. Мектеп директоры Надежда Асылбекова мектеп жаңалықтарының жаршысы, ұлттық педагогика тұрғысынан берілетін тәрбиелік-тағылымдық, танымдық дүниелердің насихатшысы – мектеп газетіне сәт-сапар тіледі.





Сондай-ақ, «Көзайымның» білім ордасының 51 жылдық тарихындағы ашылған тұңғыш газеті екенін айтып,

жиналғандарды тұсаукесер мерекесімен құттықтады.

**Айгүл МОЛДАШ,
үйірме жетекшісі.**

Көзайым қоржынынан

МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Мен ең әсем қалалардың бірі - Павлодарда тұрамын. Аты-жөнім – Әділбек Әлімбаев. №2 орта мектептің 2 «а» сыныбында оқимын. Болашақта жоғары білім алып, халқыма адал қызмет еткім келеді. Менің сүйікті Отаным - Қазақстанда он жеті миллионнан астам халық тұрады. Соның ішінде өзге ұлт өкілдері де бар.

Ал, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына 25 жыл! Бұл – әр қазақ азаматы үшін үлкен, баға жетпес қуаныш! Мен барлық жерлестерімді, ұстаздарымды, достарымды Тәуелсіздік мерейтойымен



құттықтап, аспанымыздың әркез ашық, халқымыздың аман болғанын тілеймін!

**Әділбек ӘЛІМБЕКОВ,
2 «а» сыныбы.**

ОТАНЫМ

Отан туралы өлең басталады
Қайтсемде жазу керекпін бұл бастаманы.
Эй, адамзат, өз Отаныңды қорғау керек,
Боларсың сен болайық жұмысыңды бастағалы.

Отанымды жанымдай жақсы көремін,
Осы жерде мен әрқашан өмір сүремін.
Өмір сүретін жерім ол Павлодар,
Сондықтан да бұл қаланы жақсы көремін.

**Айзат ЖАНКАРИМ,
8 «б» сыныбы.**

ТӘУЕЛСІЗДІК ОЛ – БІЗДІҢ ТІРЕГІМІЗ



Мақтанамын тәуелсіз, азат еліме,
Кең, керемет, ұлан – байтақ жеріме.
Тұрмас тоқтап қазақ елі мұнымен,
Болашақта белес көпқой әлі де.

Ата – бабам бұл жолда не көрмеген,
Жері үшін жауды аямай, қанды төккен.
Жаумен қоса, өздерін де аямай,
Елі үшін күшін жинап, терлеген.

Қорықпады ешбіреуі өлімнен,
Болмады күні жауға оңай берілген.
Өз елін ешкімге де сатпаған,
Отаның жақсы көрді ата – бабам.

Тәуелсіз елім үшін жаның берген,
Ата – бабам ақылды ғой, батыл неткен.
Солар ғой, елі менен жері үшін,
Осы күнге Қазақстанды жеткізген.

Сосын ғой Тәуелсіздік таңы атқан,
Күн де тыныш шығып, тыныш батқан.
Тәуелсіз, соғыссыз елім үшін,
Ата – бабам қанды, кір жерде жатқан.

Тәуелсіздік ол – біздің тірегіміз,
Ол барда соғып тұрар жүрегіміз.
Берекелі халқымның арқасында,
Тәуелсіз елде бақытты өмір сүреміз.

**Әмина АБДРАХМАНОВА,
8 «ә» сыныбы.**

ТӘУЕЛСІЗДІК МЕН СЕНІ МАҚТАН ЕТЕМ!

Тәуелсіздік - елімнің берекесі,
Пейіліндей кең оның керегесі.
Жайдары, ынтымақшыл қазағымның,
Аста төк, арта берсін несібесі.

Егемен ел – ерлігім, бақытымыз,
Ақ баталы бабаның жақұтымыз.

«Қуанышың болсын, - деп - ұзағынан»
Тілейді әрқашанда ұл-қызыңыз.

Азат елім айбының асқақ екен,
Алға ұмтылған, буып ап белді бекем.
Көкбайрағым көгімде желбірейді,
Тәуелсіздік мен сені мақтан етем!

**Самат САДУАҚАСОВ,
8 «б» сыныбы.**

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ НҰРЛЫ

Бәйшешектер ерте гүлдеп, ерте солған,
Еркіндік сол кездері арман болған.
Ағалар, аналар ел үшін жанын қиып,
Тәуелсіздік жолында құрбан болған.

Тәуелсіздік таңы нұрлы, шуақты,
Қырда өскен қырдың гүлі сияқты.
Бізге әрқашан шуақ шашып тұратын,
Жарқыраған күннің көзі сияқты.

Жиырма бесте көркейтіп бас қаланы,
Атыменен келістірді Астананы.
Жобалаған жоспары жүзеге асып,
Үйсіздер болып отыр баспаналы.

Елбасымыз білгір және көреген,
Қазақ елін жиырма бес жылда түлеткен.
Аман болсын Елбасымыз, халқымыз,
Орындалды тілектері ту еткен.

**Хумырзақ СҰРАҒАН,
10 сынып оқушысы.**

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ - 25 ЖЫЛ



Тәуелсіздікке - 25 жыл,
Туған елді құттықтап,
Мәңгілік есте сақтап жүр.
Бағалай оны қорғай біл

Тәуелсіздік – еліміздің мақтанышы
Тәуелсіздік - ел-жердің қорғанышы.
Тәуелсіздік – республика бақыты бол,
Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылы.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – ТЫНЫСЫМ

Тәуелсіздігім – тынысым,
Халқымыздың нұрысың.
Отанымның жырысың,
Тәуелсіздігім – тынысым!

Отанымның нұрысың,
Тәуелсіздік – тынысым!

Арайлым ОРКЕНОВА,
5 «а» сынып оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗДІК – МАҚТАНЫМ!

Отаным менің – Қазақстан,
Аспаны ашық әрқашан.
Күн нұрынан нәр алып,
Жазира далам жайнаған.
Егемендігін әспеттеп,
Намыстан жаны жаралған.

Қазақстан ел болып,
Әлемге аты танылған.

Еркеназ МҰРАТБЕК ,
4 «а» сынып оқушысы.


Таным

ЖАДЫҢА ТОҚЫ, ЖАТТАП АЛ!

Ақсақал – жасы үлкен, құрметті адам.
Абырой – бедел, қадір, жақсы атақ.
Бәйге – қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы.
Бесаспап – өнерлі, жан-жақты.
Бәйшешек – көктем басталысымен өсіп шығатын алғашқы гүл.
Дәулет – байлық, қазына.
Жөргек – жас нәрестені орайтын жаялық.
Зергер – сәндік бұйымдар мен әшекейлі заттар жасаушы ұста.
Кебеже – ас, тағам салуға арналған ағаштан жасалған, әшекейлі сандық.

Шежіреші – тарихи оқиғаларды бастан кешірген, білімі мол, көпті көрген адам.
Күбі – іркіт пісегін, көже ашытатын ағаш ыдыс.
Қолғанат – көмекші, жәрдемші.
Нәр – әл, күш, қуат.
Өріс – мал жайылатыноты мол жер.
Сең – қатып жатқан мұздың еріп, бөлінуі.
Суат – бұлақтың, өзеннің мал суаратын жері.
Ізет – әдеп, сыпайылық, кішіпейілділік.

Сөзжұмбақ шешейік...



1. Әкемнің әкесі.
2. Салтанатты ән.
3. Алаудың синонимі.
4. 1991 жыл ҚР үшін қандай ірі өзгеріс әкелді?
5. Мемлекеттік рәміздердің бірі.
6. Бас қала.
7. Бауыр сөзімен мәндес сөз.
8. ҚР-ның Тұңғыш Президенті.
9. Туған қалам.
10. ... – таусылмайтын байлық.
11. Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса, аттама.

**Құрастырған: Марат ДАНИЯЛ,
4 «а» сынып оқушысы.**

Мектеп газеті айына бір рет шығады.

Редакторы: Айгүл МОЛДАШ.

«ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР» алқасы:

**Аружан МЫРЖИКОВА, 10 «ә» сыныбы
Санжар ҚАНАТБЕК, 4 «ә» сыныбы
Серікжан ӨСЕРБАЙ 9 «а» сыныбы
Әмина АБДРАХМАНОВА, 8 «ә» сыныбы.
Самат САДУАҚАСОВ, 8 «б» сыныбы.**